

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасы бойынша формальдегидтің сулы-спиртті ерітіндісінің сыныптамасы туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 165 шешімі

Кеден одағы Кеден кодексінің 52-бабының 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Формальдегид ерітіндісінің 10 салмақ бөлігінен (37-40 %), этил спиртінің 39,5 салмақ бөлігінен, дистилденген судың 50 салмақ бөлігінен, иіссудің 0,5 салмақ бөлігінен тұратын, микроб жойғыш және иіс кетіргіш қасиеттері бар, терінің аса тершендігі кезінде сыртқы қолдануға арналған және құтыға құйылған формальдегидтің сулы-спиртті ерітіндісі Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын түсіндірудің 1-негізгі ережесіне сәйкес, Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 3808 тауар позициясында сыныпталады.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко